

## **«Startup академияның» бизнес-жоспарлар марафонына өтінімдерді қабылдау туралы**

Коммерцияландыру кеңсесі «Startup академияның» бизнес-жоспарлар марафонының бірінші ауысымына өтінімдерді қабылдау туралы хабарлайды.

«Startup академия» жобасы Астана қаласы бойынша «Даму кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ аймақтық филиалы Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-мен бірігіп бизнес-идеяларды жеделдету және оларды дамыту үшін қолайлы жағдай жасау арқылы стартаптарға жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған жоба болып табылады.

Қатысушылар - перспективалы бизнес идеясы бар және оны іске асыру үшін ұмтылатын 18-29 жастағы студенттер мен қала тұрғындары



### **Марафоны кезеңдері:**

- 1) бекітілген үлгі бойынша әлеуетті қатысушының өтініш беруі; Конкурс комиссиясы өз қалауы бойынша 20 -40 ең тартымды бизнес-идеяларды тандайды. Негізгі талап - ағымдағы жағдайға сәйкес реализм;
- 2) таңдалған бизнес-идеялардың авторлары апта бойы бизнес-жоспарлау мен стартаптар үшін басқа да өзекті мәселелер бойынша тренингтер өткізу, қазақстандық табысты кәсіпкерлермен кездесу;
- 3) 2 апта бойы бизнес-жоспар әзірлеп, әлеуетті инвесторларға / тәлімгерлерге / демеушілерге презентациясын ұсыну;  
Бизнес-жоспарлауға сарапшылар жағынан консультациялық қолдау беріледі.
- 4) 10 - 20 ең тартымды жобалардың авторлары бизнес-жоспарлардың марафонына жіберіледі.  
*Бизнес жоспарлар марафонының конкурстық комиссиясы инвесторлар, демеушілер мен тәлімгерлерден тұрады, конкурс бойынша жеңімпаздарды айқындап, жүлделерді бөледі.*
- 5) Мамандардың көмегімен бизнес-жоба қатысушылардың бизнесін іске қосу.

### **Жүлде қоры (конкурстық комиссияның шешімімен бөлінетін):**

1. Жобаға инвестицияларды тарту;
2. Гранттық қаржыландыру;
3. Тәлімгерлік;
4. «Startup академиясының коворкингінде орналасу

Сонымен бірге жүлделер арасында:

- жергілікті кәсіпорындарда тағылымдамадан өту;
- табысты кәсіпкермен кешкі ас;
- Стартапы бизнесті бастау және дамуға көмектесетін қосымша бизнес-тренингтерге билет алу.

Тіркелу: [mirbiz.kz](http://mirbiz.kz) сайттында 19.02.2017 дейін тіркелу жүреді.

Ұсыныс: Стартап-кастингтен өту мүмкіндігін арттыру үшін [startup.akademiya@mail.ru](mailto:startup.akademiya@mail.ru) мекен-жай бойынша жобаның презентациясын ұсынуға болады

Бекітілген өтінім формасын алу үшін, сонымен бірге есепке алу мақсатымен коммерцияландыру кеңсесіне хабарласу қажет: бас ғимарат, каб.1304, тел. 310 245, электрондық пошта: [nurmukhanbetovaa@mail.ru](mailto:nurmukhanbetovaa@mail.ru)

**Коммерцияландыру кеңсесі**